

Дарынды балалардың жеке қабілет ерекшеліктері мен қызығушылық аймағын тану, дамытуды дұрыс ұйымдастыру

Дарындылық – психиканың жүйелі, өмір бойы үздіксіз дамитын қасиеті. Ол басқалармен салыстырғанда іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде адамдардың ең жоғары нәтижеге жету мүмкіндігімен анықталатын қабілет. Атомның құрылысын жай көзбен ажыратып білу қандай қиын болса, қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау да сондай, аса қырағылық пен жауаптылықты қажет етеді. Дарындылықты белгілі бір әрекет негізінде ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі ретінде қарастырамыз. Сондықтан дарынды балаларды анықтау- баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс болып табылады. Қоғамдық пікірге сүйенсек дарынды бала туралы ұғымдар мен көзқарастар әр түрлі. Соның ішінде төмендегі кестеге қарап болжамды көзқарас пен нақты фактілер бойынша анықталған сипаттарды көруге болады: (1-кесте)

Дарынды балалар туралы мифтер	Дарынды балалар туралы фактілер
Барлық бала дарынды	Барлық бала өзінше бірегей және жеке дара, бірақ соның азы дарынды. Дарынды балалардың қабілеттері мен таланттары басыңқы болады
Дарынды балалар- өте ақылды, оларға оқытуда көмек қажет	Дарынды балалар қабілеттері мен талантын ашуда немесе дамытуда арнайы бағдарламамен оқытуды және әлеуметтік , эмоционалдық қолдауды қажет етеді.
Дарынды балалар тек бай және орта әлеуметтік жағдайы бар ортада ғана болады.	Дарынды балалар кез-келген әлеуметтік тұрмыстық жағдайдағы ортада да кездеседі
Дарынды балалар тек үздік оқушылар және олардың тәртібі де үздік болады.	Дарынды балалардың оқу үлгерімі де тәртібі де нашар болуы мүмкін. Және олар мектептен тез жалығады

Қазіргі таңда «дарындылық» ұғымы өте кең көлемде қарастырылады. Соңғы зерттеулерде Американдық ғалым Дж. Рензуллидің жаңашыл концепсия бойынша дарындылық негізгі үш бағытта қарастырылады.

- Интеллектуалдық қабілеті (орта деңгейден жоғары);
- Креативтілік;
- Табандылық (белгілі бір міндетке бағытталған)

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру дағы басты міндет-балалардың қабілеттерін жан-жақты анықтау мен айқындау. Психологша әдістері бала бойындағы кайсібір күшті жақтарының байқалуымен өзгеру яғни динамикалық қозғалыстарын зерделеуде септігін тигізеді. Сонымен қатар балада танымдық ынталану жоғалғанда немесе тіптен болмаған жағдайда оның жасырын дарындарын диагностикалауға көмегін тигізеді. Тұлға дарындылығы өзінің құрылымдық негіздері бойынша көп өлшемді , көп қырлы


Басқаша айтқанда дарындылық өзара байланысқан үш ынталандырушылық, когнитивтік, іс жүргізгіштік толықтауыштан тұратын біртұтас сипатқа ие. Дарынды балаларға ерте жастан

бастап танып білуге құштар, зерттеушілік мінез-құлық тән. Қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылық тұрақты танымдық сұранысқа айналып, жасөспірімдік және бозбалалық жаста қандайда бір білім саласында қабілет басымдығына ие болады.

Баланың қызығушылығы мен бейімділігін анықтау – басқа психодиагностикалық жұмыстар секілді күрделі үрдіс. Баланың қызығушылығы мен бейімділігін зерттеу барысында алдымен баланың танымдық және тұлғалық даму саласының ерекшеліктерін мен деңгейін бағалау арқылы ақпарат алу көзделеді. Педагогтар мен ата-аналарға арналған А.И.Савенков «Интеллектуалдық портрет» әдістемесі дарындылықты анықтау диагностикасында 0-5 балдық жүйе арасында бағалау көрсеткіші бойынша мағлұмат алуға мүмкіндік береді (1-сурет)

Танымдық әрекеті

1. **Ойдың ерекшелігі** (жана ойларды ұсына білу қасиеті)
2. **Ойдың икемділігі** (шешім қабылдауда қабілеттілік)
3. **Өнімділік** (ойлау жылдамдылығы)
4. **Анализ бен синтез жасауға қабілеттілік** (логикалық, проблемалық тапсырмалар шешу қабілеттілігі)
5. **Жіктеу мен санаттау** (Байланыстарын іздейді)
6. **Зейін шоғырлануы**
7. **Есте сақтау**




1-сурет
Баланың графикалық келбеті

Тұлғалық даму әрекеті

1. **Тапсырма мазмұнына деген қызығушылық** (Сұрақ қояды, білуге құштар)
2. **Перфекционалдылығы** (Стандартты емес ерекше идеялар беруде өзіндік жоғары бағаға ұмтылады)
3. **Әлеуметтік дербестік** (Өзіндік пікірі бар және оны талқылайды, дәлелдейді)
4. **Лидерлік**
5. **Жарысу**
6. **Жоғары қызығушылық** (Күрделі тапсырманы орындағаннан рахат алады)
7. **Әзілкеш**

Сонымен бірге дарынды баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында бағыт-бағдар беруде типтік ерекшеліктерін ескеру маңызды. Үлкен мектеп жасында – өмірлік көзқарастың қалыптасуы, өмірдің мәні мен келешек мамандықты таңдау құндылықтар жүйесі жинақтала бастайды, олардың ішінде қайталанбас, ерекше қабілеттермен байланысты қызмет түрі маңызды орынға ие. Төменде көрсетілген Дж. Холландтың (RIASEC теориясы) кәсіби бағдар бойынша қызығушылық сферасына сәйкесендірілген тұлға тип ерекшеліктеріне қарай бағыттау өте маңызды роль атқарады. (2-сурет)



2-сурет Дж. Холландтың RIASEC теориясы сызбасы

Яғни дарынды баланың қызығушылық бағыты бойынша бейімдеуде шығармашылыққа негізделген үйлесімді дамуына ықпал ететін негізгі фактор болып табылады. Негізгісі баланың дарындылық ерекшеліктерін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай –ақ оның болашақта даму мүмкіндігін есепке ала отырып бағыттау керек деген сөз. Дарынды баланың танымдық сұранысы табиғи қабілеттермен, яғни ой-өрістік немесе арнайы қабілеттермен «қоректенеді».

Бұл әрекетте оқушының дарындылығын анықтап, дамыту мақсатында әр пән педагогтың алдында төмендегідей мақсаттар мен міндеттер болуы орынды:

1. Дарынды оқушының ақыл-ойының дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру, эмоционалдық және әлеуметтік қолдау көрсету
2. Жан-жақты ақпараттандыру;
3. Коммуникативті бейімдеу, белсендендіру;
4. Шығармашылық қабілетінің ашылуына, дамуына ықпал ете отырып, дарынды оқушының қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына, танытуына көмек көрсету;
5. Оқу бағдарламасын саралау арқылы өзгерту : жеделдетіп оқыту, күрделілендіру, тереңдету, тапсырманы тұжырымдау, мазмұн креативтілігі.

Қорыта айтқанда, дарынды оқушыны таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттырып, өзара қатынасты жақсартып, ата-ана – оқушы - ұстаз байланысын жоғары ұстап, шығармашылықпен жұмыс жасалу керек. Ең бастысы, балаға берген қабілеттің тамаша сыйын одан әрі дамытып, оқушыны дарынға айналдыруда педагогикалық ізденіс пен шеберлікті тоқтатпау қажет .

Әдебиеттер тізімі:

1. Ү.Б.Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау әдістемелік құрал. «РАД иАЛ» баспасы «Алматы» 2005.
2. Г.С.Жағырапова « Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары». 2006ж
3. А.И.Савенков «Одаренный ребенок в массовой школе». М. 2001г.
4. Е. П. Ильин. Дифференциальная психология профессиональной деятельности. Питер, 2008г

